

Тажибаяев Т.Б.¹, Уакасова М.Б.¹, Кулымбаева А.К.¹

¹ Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

УАҚЫТША ҰСТАУ ОРНЫНДА ТӘРБИЕЛЕНУШІ ЖЕТКІНШЕКТЕР ПСИХОЛОГИЯСЫНДАҒЫ ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Аңдатпа

Мақалада көптеген психологиялық зерттеулер бойынша ата-анасының қамқорынан, махабаты мен сүйіспеншілігінен тыс қалған уақытша ұстау орнында тәрбиеленуші жеткіншектердің эмоционалдық сферасының дамуында арнайы ерекшеліктер байқалатындығы келтірілген, сол ерекшеліктерге көз жеткізу мақсатында психодиагностикалық зерттеулер жүргізіліп, нәтижелерінен дәлелдер келтірілген. Дәлелдер сандық сапалық тұрғыда пайыздық көрсеткіштермен көрсетілген. Талдау және дәлелдеу барысында балаларды уақытша ұстау үйінде тәрбиеленетін жеткіншектердің эмоционалдық ерекшеліктерін психологиялық тұрғыда дұрыс талдай білу маңызды диагностикалық міндет екеніне көз жеткізуге болады.

Түйін сөздер: эмоция, жеткіншек, аффект, практикалық эмоция, гностикалық эмоция, сезім, ерік, тәрбиеленуші, уақытша ұстау мекемесі, қарым-қатынас, күйзеліс, психикалық ауытқу, ақыл-ойдың артта қалуы.

Тажибаяев Т.Б.¹, Уакасова М.Б.¹, Кулымбаева А.К.¹

¹ Казахский национальный женский педагогический университет, Республика
Казахстан, г.Алматы

ЭМОЦИОНАЛЬНЫЕ ОСОБЕННОСТИ В ПСИХОЛОГИИ ПОДРОСТКОВ В ПЕРФОРМАТЕ

Аннотация

В статье отмечается, что многие психологические исследования показывают особые различия в развитии эмоциональной сферы подростков, находящихся в местах временного содержания без попечения родителей, любви и ласки. Доказательства выражены в количественном и качественном выражении в процентах. В ходе анализа и доказательства видно, что умение психологически правильно анализировать эмоциональные особенности подростков, воспитывающихся в изоляторе временного содержания, является важной диагностической задачей.

Ключевые слова: эмоция, подростковый возраст, аффект, практическая эмоция, гностическая эмоция, чувство, воля, воспитанник, изолятор временного содержания, общение, стресс, психическое расстройство, умственная отсталость.

Tazhibaev T.B.¹, Uakasova M. B.¹, Kulymbaeva A. K.¹

¹Kazakh National Women's Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, Almaty

EMOTIONAL PECULIARITIES IN THE PSYCHOLOGY OF ADOLESCENTS IN PERFORMANCE

Annotation

The article notes that many psychological studies show special differences in the development of the emotional sphere of adolescents in places of temporary detention without parental care, love and affection. Evidence is expressed in quantitative and qualitative terms as a percentage. In the course of analysis and evidence, it is clear that the ability to psychologically correctly analyze the emotional characteristics of adolescents brought up in a temporary detention center is an important diagnostic task.

Key words: emotion, adolescence, affect, practical emotion, gnostic emotion, feeling, will, pupil, temporary detention facility, communication, stress, mental disorder, mental retardation.

Кіріспе. Қазіргі уақытта біздің елде мемлекеттік ұйымдарды толғандырып отырған мәселе толық емес отбасыларының өсуі және де қоғамға қауіпті балалардың көбейуі толғандырады.

Балаларды уақытша ұстау үйінде тәрбиеленуші жеткіншек жасындағылардың эмоционалдық ерекшелік мәселесінің өзектілігі тікелей қоғам мүшелерінің тәрбиесі мен қалыптасу үрдісіне бағытталған бірнеше қоғамдық институттардың қажеттіліктерімен анықталады.

Өйткені, орын алған жағдайға және адамның ерекшелігіне байланысты эмоциялар тұлғаның мінез-құлқына түрліше әсер етуі мүмкін. Сезімдерінің тереңдігі мен тұрақтылығы бойынша жеке айырмашылықтары болады. Біреулерде ол үстіртін сипатта болса, енді біреулерде жеңіл және ілсіз байқалады, басқаларында тұтас көрініске ие болып, санада терең із қалдыруы мүмкін. Дәл осы әр адамның қайталанбас ерекшелігін негіздейді.

Бүгінгі қоғамның мәдени нормасы адамнан сезімін білдіруде ұстамдылықты талап етеді, сондықтан адам баласы бүгінгі таңда өз бойын меңгеру, өз уайымдарын, көңіл күйін басқару дағдыларын игеруі керек. Эмоция арқылы адам айналасындағыларға өзінің қатынасын, уайымдарын жүзеге асырады. Жағымды күйлер қандайда бір объектіге қызығушылықты дамыту, құмарту қабілетін ашады, ал жағымсыз күйлер – қашқақтау, өз өмірінен алыстату қалыпын туындатады. Өз кезегінде эмоциялар адам үшін әрекетке итермелеуші ішкі қозғаушы күш болып табылады. Эмоциялар адамның мінез-құлқы мен іс-әрекетіне, оның қылықтарына, басқалармен қатынасына, адамның өзіне, қол жеткізген нәтижелеріне мотивациялық ықпал береді.

Ендеше, балаларды уақытша ұстау үйінде тәрбиеленетін жеткіншектердің эмоционалдық ерекшеліктерін психологиялық тұрғыда дұрыс талдай білу маңызды диагностикалық міндет болып табылады.

Негізгі бөлім. Эмоциялар біздің өміріміздің сапасын анықтайды. Адам баласы өз эмоциясын жұмыста, достарымен қарым-қатынаста, туыстарымен қатынаста, өзімен және басқа адамдармен байланыста, яғни біз үшін қымбат және біз шынайы қамқорлық танытатын тұстарда айқын көрсетеді. Эмоциялар біздің өмірімізді құтқарып, жандандыруы мүмкін, дегенмен олар бізге зиянында тигізеді. Біз эмоциялардың ықпалымен негізделген және ақылға қонымды әрекеттерді жүзеге асырсақ, нәтижеесінде қатты опық жейтін қылықтарды да орындауымыз мүмкін. Ендеше, балалар үйінде тәрбиеленуші балалардың эмоциясы ересектер қарым-қатынасымен тығыз байланысты [1].

Эмоция организмнің әртүрлі қажетсінулерге қанағаттануы немесе қанағаттанбауынан. Эмоциялар көзқарас, ым-ишара, сөздер, түйсіну, яғни вербальді және вербальді емес қарым-қатынас арқылы беріледі. Баланың қалыпты дамуы үшін осы талданған тәсілдердің маңызы өте зор.

Сондай-ақ отбасы бала психикасын дұрыс қалыптастырушы бірден бір орта. Адам баласы бала кезінен заттарды дұрыс қолдануды, ой қорытуды, білім алуды, сөйлеуді, еңбек етуді, сезінуді, басқалармен қарым-қатынасқа түсуді жақындарынан, ата-анасынан, яғни ересектерден үйренеді. Әр бір бала өз отбасында күнделікті өмірге деген көзқарасын қалыптастырып, бейімделеді, өмір жайлы танымы өседі, айналасына эмоциясын дұрыс көрсетуді, қарым-қатынас орнату дағдыларын қалыптастырады.

Баланың отбасындағы алғашқы ана мен балалық қатынасы туыстық эмоционалдық байланыстан көрініс алады. Қазақтың психологы Қ.Б. Жарықбаевтың айтуынша «адамның эмоциялық өмірінен байлығы мен мазмұндылығы» байқалады деген, демек баланың бойында сүйіспеншілік болмаса ол ол үстірт, қуыс кеуде болып қала береді» деп біздің алып отырған тақырыпқа қатысты айтылғандай.

Шетелдік ғалымдар А.М. Прихожан мен Н.Н. Толстыйдың зерттеуінше балалар үйінде тәрбиеленушілер ересектермен қарым-қатынас барысында өздеріне агрессиялық назарды аудартқан. Балалар үйінде тәрбиеленушілер дау-дамайлы мәселелерді шешуде өздеріне жауапкершілікті артпайды, дау-дамайдың шешілу жолдарын сырттан күтеді. Аталмыш мекемеде тәрбиеленушілерде айналасындағыларға агрессия, қоршаған ортаны кінәлау, өз кінәсін мойындамау сезімдері бой алады. Олар туындаған күрделі ситуациядан шығуға талпынбайды, өзіндегі өкпе сезімін басқаның бойына артады. Жеткіншектердің мекемеге келуінің себептері түрліше болады: ата-анасының дүние салуы, ата-анасының жауапсыздығы, зиянды әдеттерге салынуы, материалдық жағдайының жетіспеушілігі, психикалық ауытқулар сияқты жағдайлар [1].

Ш. Бюллер, Дж. Боули, К. Голдфарба, Р. Спитца балалар үйінде тәрбиеленушілердің психикалық, депривациялық мәселелердің бағыттарын қарастырған. Бұл зерттеулер сондай-ақ аталмыш мекемеде психологиялық мәселелердің күннен күнге арта түсетіндігін, сол туындайтын мәселелердің ана мен бала арасында жылулық қатынастың болмауы эмоционалды психологиялық мәселеге айналатынын анықтаған. [2].

Уақытша ұстау орнында отбасынан тыс тәрбие алушылар қоршаған ортаның белгілі бір талаптарына бейімделуі керек. И.А. Залысина өз зерттеуінде балалар үйінде тәрбиеленуші және отбасында тәрбиеленіп жатқан балалардың эмоционалды қажеттіліктерін салыстырмалы түрде қарастырған. Осы зерттеуінің негізінде мектеп жасына дейінгі балалардың өз айналасындағыларға уайымдау сезімдерін көрсетуге қабілетсіз екенін дәлелдеген. Бұл балалар өздері бұрын соңды көрмеген тұлғалармен байланыста бөтенсу сезімдері бой алады, тұйықталып арнайы байланыс орнағанша сұраққа жауап беруіде қиындайтын сәттер болады. Осындай сәттерді азайту үшін жеткіншекке ересектердің алдында өзін еркін ұстай алатындай, ойын ашып айтатындай жағдай туғызу керек.

И.А. Залысинның тұжырымдарында балалар үйінде тәрбиеленушілердің эмоционалды сферасының ерекшеліктері жан жақты қарастырылған. Балалар үйінде тәрбиеленушілердің өзін-өзі бағалауларын жеткізе алмайды, олардың өз пікірлері болғанымен ересектердің пікірлеріне сүйенеді. Бұндай балалардың сезімін ояту үшін оларға жылы мереймен қарау керек деген қрытындыға келеді [3].

Арнайы балалар үйінде тәрбиеленген балалардың эмоционалды күйінің толымсыздығы оларды түрлі психикалық тежеулер мен әлеуметтік бейімделудің бұзылуына әкеліп соқтырады. Арнайы балаларды тәрбиелеуші мекемелердегі балалардың эмоционалды күйінің аса жоғары немесе өте төмен болуы, қоғамдық ортада өзін тым жоғары немесе тым төмен ұстауына әкеледі. Өзін-өзі жоғары бағалау жеке тұлға дамуы болып саналады, бұл көріністеде эмоционалды, тілдік қимылдар, еріктік сферасында, әлеуметтік жетіспеушілік мәселелері туындайды.

Арнайы психотравмалық іс-шараларды ұйымдастыруда тәрбиеленушілердің психотравмалық жағдайды қалай еске түсіретіні, қалай байланыстыратыны жайлы, ішкі қобалжулар мен уайымдарын қажетті деңгейде анықтауға, тәрбиеленушінің эмоционалды аумағын, сенсорлы жүйесінің даму ерекшеліктерінмен жұмыс жасауға болады.

М.Ю. Бондарева, Е.Н. Ткач, В.А. Кузнецов «жеткіншектердің субъективтік уайымының эмоционалды саулығын» зерттеу барысында балалар үйінде тәрбиеленуші жеткіншектердің эмоционалды саулығының деңгейін анықтауда Силвердің суреттік тестін жүргізген. Суреттің нәтижесі бойынша зерттеушілер «эмоционалды қолайсыздыққа» көз жеткізген, ол дегеніміз жалғыздық, қорқыныш, үрей, өшпенділік, өмірлік қауіптілік. Мысалы, 15 жастағы қыз бала тестте берілген суреттер бойынша ұл баланың және пышақтың суретін таңдаған. Қыз баланың таңдалған картинамен тест талабын орындауда келесі интерпретациялау жасалған. Мұндағы пышақ агрессияны, бұзылыстың символын, ортадан оқшаулануды, өзін идентификациялауда белгісіздікті білдірген. Осылайша, балалар үйінде тәрбиеленуші балалардың барғыныда эмоционалды қолайсыздық зерттеу нәтижесінде көрініс алады. Бұл көріністің негізгі себептері отбасын жоғалтудағы травмалық тәжірибе, «тастандылық», аналық депривация. Сондай-ақ, жеке өзінің өмір сүруінен ұялу және кінәлау, депрессия, шексіз жалғыздықты уайымдау болады.

Ғалымдардың зерттеуі бойынша ата-анасының қамқорынан, махабаты мен сүйіспеншілігінен тыс қалған уақытша ұстау орнында тәрбиеленуші жеткіншектердің эмоционалды сферасының дамуында арнайы ерекшеліктер байқалады [4].

Жетім балалардың эмоционалдық бейнесі бір түсті болып келеді. «Үйдегі» балаларға қарағанда ондай балалар басқа адамдардың эмоциялық бейнесін нашар таниды, яғни ең жеңіл байқалатын эмоция олардан аз көрінеді.

Қазіргі кезеңдегі балалар үйіндегі педагогтардың басты міндеті жеткіншектерге түсіністікпен қарау, олардың ашылуына мүмкіндік беріп, ешқайда кетуіне жол бермей, қажетті тұрмыс арнасына бағыттау. Ал, ең бастысы баланы тұлға ретінде құрметтеу. Жеткіншектік жастың психикалық даму ерекшелігінің айналасындағылармен өзара қарым-қатынас жүйесі көрініс береді. 10–11 жасқа қарай жеткіншектерде құрдастарымен және ересектермен өзара қатынасы қалыптаса бастайды, ол бала үшін пайдалы тәжірибеге негізделіп, өзіндік сана және т.б. пайда болуынан жоғары сезімдер, біреуге тәуелділік сияқты қаблеттер қалыптасады. Бұндай балалардың қарым-қатынасында махаббатқа бөлену, назарда болуға деген қажеттілік қатты байқалады. Сезім бір жағынан кедейлікпен сипатталса, басқа жағынан өткір аффект көрінісімен сипатталады. Олардың эмоциясы төгілмелі, қуанышы, ашуы толқымалы болып, терең, тұрақты сезімдері болмайды. Жетім балаларда адамгершілік құндылықтармен байланысатын жоғары сезімдер болмайды. Жетім балалардағы қажеттіліктер ересектер тарапынан зейін, махаббат қажет ететіндіктен, ондай балалар айналасындағылармен байланысқа тез түседі. Балалар үйінде тәрбиеленушілердің бір-бірімен қарым-қатынасының өзінде ерекшелік болады. Жетім балалардың қарым-қатынасында «біз» деген бастауыш болады, осындай ерекше психологиялық білімнің арқасында олар әлімді «өзінікі» және «басқаларға» бөледі. Балалар үйінде балалардың басқа топты қалауына ешқандай мүмкіндік болмайтындықтан үнемі бір және сол топтағы құрдастарымен араласады. Белгілі бір топтағы құрдастарына жақын болуы тәуелділік сияқты болып қалады, соның негізінде оның құрдастарымен қатынасы дос, құрдас ретінде емес, туыс сияқты қалыптасады [5].

Педагогтарға балалардың осы кезеңді өтуіне көмектескені маңызды. Жетім балалардың құрдастарымен қарым-қатынастағы қиындықтары коммуникативтік дағдылардың төменгі деңгейімен, эмоционалдық реакцияның адекватты еместігімен, мінез-құлықтың ситуативтілігімен, мәселені конструктивті шешуге қаблетсіздікпен негізделеді.

Балалар үйіндегі психолог жұмысының формасы (диагностика, коррекция, профилактика) – қарапайым жалпы білім беретін мектептерде қолданылатын стандартты терім болып табылады. Алайда әдістемелерді таңдауда балалар үйінде тәрбиеленушілердің психологиялық ерекшеліктеріне байқап әсер етуге тура келеді. Әсіресе, ол (коррекциялық) түзету-дамыту жұмыстарына байланысты болып келеді. Жетім балалармен жұмыс жасауда оларға сәйкес әдістемелерді табу қиынға соғады. Отбасында тәрбиеленген балаларға қатысты іс-тәжірибелік зерттеулер мұндай балаларға көбінесе сәйкес келе бермейді. Өйткені олар кейбір ойын, жаттығудың мағынасын түсіне бермей, оларды шешу жолдары қиынға соғады. Бірақта интеллектке қатысты тапсырмалар көбінесе баланың танымдық процестерін дамытуға мүмкіндік береді. Кей жағдайларда мұндай тапсырмаларды шешу барысындағы баланың көңіл-күйінің өзгеруі, тежелуі, қорқыныш, үрей, уайымдаудың туындауы бала психикасының дамуын тежеп отырады [5].

Жалпы бұндай мекемедегі педагог-психологтардың жалпы жұмысы тәрбиеленушілердің ересектер тарапынан махаббат пен ықыласқа бөленгенін қадағалаумен қорытындыланады. Тәрбиеленушілер сондай күйді сезінгенде ғана түзету-дамыту жұмыстарын жүргізуге болады.

Зерттеу әдістері: Демек, біз жоғарыдағы тұжырымдарға сүйене отырып, уақытша ұстау орны тәрбиеленуші жеткіншектердің эмоционалдық ерекшелігін анықтау көзі ретінде Б.И.Додоновтың "Тұлғаның жалпы эмоционалды бағыттылығын анықтау" әдістемесін жүргіздік. Бұл әдістемені жүргізу арқылы уақытша ұстау орнында тәрбиеленуші жеткіншектердің жаңадан қабылданған тобын және тренингтер жүргізгеннен кейінгі жеткіншектерді зерттеп, эмоционалдық бағыттылықтарын анықтадық.

Нәтижелер және талдау. Әдістеме үш топқа, яғни эксперименталды және сыналұшы топтарға жүргізілді. Эксперименталды топ мекемеге жаңадан қабылданған жасөспірімдер болды. Сыналұшы топтың біреуіне мекемеде 5 ай болған тренинг жүргізілген топтар алынды. Екінші сыналұшы топ толық отбасында тәрбиеленген жеткіншектер болды. Әдістеме нәтижесін талдауда басты назарды эмоционалдық бағыттылық шкаласына салдық. Б.И.Додоновтың "Тұлғаның жалпы эмоционалды бағыттылық шкалалары арқылы

зерттеуден алынған нәтиже бойынша уақытша ұстау орнына жаңадан қабылданған (2021 жыл қыркүйек) жеткіншектердің 78%-ы, ал, тренингтен өткен (2020 жыл мамыр) жеткіншектердің 67%-ы жоғары көрсеткішті көрсетіп, альтруистік эмоция бағыттылығын таңдаған. Альтруистік эмоция басқа адамдар тарапынан қамқорлық, көмек, өзара әрекет қажет болғанда туындайды. Уақытша ұстау орны мекемесіне жаңадан қабылданған (2021 жыл қыркүйек) жеткіншектердің 78%-ы ал, тренингтен өткен (2020 жыл мамыр) жеткіншектердің 67%-ы жоғары көрсеткішті көрсетіп, коммуникативтік эмоция бағыттылығын таңдаған. Бұл коммуникативтік шкала қарым-қатынасқа деген қажеттілік. Сондай-ақ, уақытша ұстау орнына жаңадан қабылданған (2021 жыл қыркүйек) жеткіншектердің 88%-ы пугникалық шкала бойынша жоғары көрсеткішті көрсетті. Пугникалық шкала қауіпті, күресте жеңу қажеттілігі. тренингтен өткен (2020 жыл мамыр) жеткіншектердің 67%-ы, праксикалық шкала, 55%-ы гностикалық шкалалар бойынша да жоғары көрсеткіштерді көрсетті. Практикалық эмоция іс-әрекет үрдісінде пайда болатын жағымды эмоция. Гностикалық эмоция жаңа ақпаратты алу кезіндегі қуаныш, сонымен қатар когнитивтік үйлесімділік кезіндегі қажеттілік.

Қорытынды. Қорыта келгенде, эксперименталды және бақылау топтардың нәтижелеріне көз жеткізе отырып, осындай арнайы мекемеде тәрбиеленіп отырған жеткіншек сол мекемеде тәрбиеленіп жатқан барлық балаларға бейімделуге мәжбүр. Оның олармен қарым-қатынасы үстіртін, нервозды, тығыз таян: ол бір уақытта өзіне назар аударғанын қаласа, енді бір кезде агрессиялық көрініспен күштеп тартып алады немесе оқшауланады. Өзіне назар аударғанды және махаббатты қалағанымен, ол оны басқаларға қажетті деңгейде жауап қайтара алмайды. Тәжірибесіз дұрыс қалыптаспаған қарым-қатынас тұрақсыз салдарға әкеп соқтырады. Яғни, арнайы мекемеде тәрбиеленуші балалар ерекше психологиялық және педагогикалық қолдауды қажет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Kravchenko Iy.E. *Psichologua emotsu. Klassicheskie i sovremennye teori i issledovanua. Izd. Forým, 2019. – 59-65 s.*
2. Selvanova A.E. // *Vestnik KGÝ im. N.A. Nekrasova №4 2010. – 254-258s.*
3. Begaljeva N.Ú. *Osobennosti formirovanua lichnosti rebenka v nepolnoi seme i detskikh domah // «Qazirgi qoғamdaғы otbasy: ahýaly jáne bolashaғы»: hal-q ғыl.-prakt.konf. mater. – taldyqorған, 2006. – 206-210 bb.*
4. Bondareva M. Iy., Tkach E. N. *Spetsifika proiavlenua sybektnosti v podrostkovom vozraste // Akmeologua. 2015. № 3 (55). S. 158–160.*
5. Maqashqulova G. *Balalar úindegi tárbielenýshilerdiń psihikalyq erekshelikteri. // Qazaqstan mektebi, 11-12/2005, 52-53 b.*
6. Nepomniata N.I. *Psihodiagnostika lichnosti: teorua i praktika. - M.: Vlados, 2001.- 192 s.*